

«Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі» КММ
педагогтер мен қызметкерлері арасында
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Жаңа
Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауын түсіндіру бойынша
ақпараттандыру жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Күні: 30.03.2022 ж

Уақыты: 11.00

Қатысқандар: 117 мұғалімдер мен қызметкерлер

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауын түсіндіру бойынша ақпараттандыру.
(мектеп-лицей директоры- Ж.М.Берлибеков)

Тындалды:

Жиналыстың күн тәртібіне сәйкес мектеп ұжымына ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 16 наурыз күні жарияланған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауы түсіндірілді. Жолдаудағы саяси реформалардың мәні, мазмұны, "Жаңа Қазақстан" мен "Екінші Республика" терминдеріне анықтамалары берілді. Бұл бастамалардың еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымына едәуір өзгерістер енгізілетіні туралы мәліметтер айтылды. Мемлекет басшысының құқық қорғау институттарын күшетуге, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға баса мән бергендігі жөнінде, Негізгі Заңның ережелерін мұлтіксіз орындауды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құрылатындығын, сондай-ақ табысты қызмет атқарған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық Құрылтай құруды ұсынғандығы туралы ақпараттар беріліп, мектеп ұжымы мен қызметкерлері Жолдауға қатысты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөлісті.

Қаулы етті:

1. «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауы бойынша барлық ақпараттар назарға алынын.

**Мектеп-лицей директоры
Хатшы**


**Ж.М.Берлибеков
А.Б.Кабиева**